

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша

Ішкі талдау объектісінің толық атауы:

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы».

Ішкі талдау объектісі қызметінің мақсаты: көпбейінді стационарлық медициналық көмек көрсету және алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету.

Ішкі талдау жүргізудің негізі:

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы» бас дәрігерінің 2026 жылғы 15 маусымдағы №492 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында бас дәрігердің 2026 жылғы 15 маусымдағы №493 бұйрығымен мына құрамда жұмыс тобы құрылды:

Деркачева Н.В. – комплаенс-офицер;

Бультенов И.Б. – емдеу-профилактикалық жұмыс жөніндегі бас дәрігердің орынбасары;

Нұртазина А.А. – Адам ресурстарын басқару қызметінің басшысы;

Бекеева С.М. – бас бухгалтер;

Шептикин С.И. – бас экономист;

Николайцев А.Е. – инженерлік-шаруашылық қызметінің басшысы;

Кравченко М.А. – бас мейіргер.

Ішкі талдау жүргізілген кезең: 2025 жылғы 1 маусымнан 2026 жылғы 1 маусымға дейін.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобы Кәсіпорын қызметіне қатысты келесі нормативтік құқықтық актілерді зерделеді:

- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №672 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы №27 бұйрығы «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;
- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттері;
- Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары (Жарғы, қағидалар, нұсқаулықтар, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, бұйрықтар, ұжымдық шарт және т.б.).

Кәсіпорынның ішкі құжаттарын әзірлеу және қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес уақтылы енгізіліп отырады.

Жүргізілген талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін келесі бағыттар айқындалды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

Негізгі нормативтік құқықтық акт:

1. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы.

Талдау жүргізілген кезеңде:

дәрігерді үйге шақыру – 4718;
оның ішінде орындалғаны – 4349;
орындалу сатысында – 0;
қабылданбағаны – 369;
дәрігердің қабылдауына жазылу – 207 139;
алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу – 2307;
қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері – 0 (2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша мерзімі өткен өтініштер жоқ);
стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру – 6682;
алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру – 5006;
алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру – 9709;
алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өткізу – 1871, оның ішінде ақылы негізде – 1198.

Қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс немесе мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет қолданыстағы Қағидаларға сәйкес бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері анықталған жоқ.

Осы бағыт бойынша Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Кадрлық бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай ықтимал тәуекел көрсеткіштері бойынша жүргізілді:

- Лауазымдарға іріктеу және тағайындау рәсімдерінің реттелуі;
- бос жұмыс орындары туралы ақпараттың орналастырылуы;
- мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралардың болуы;
- қызметкерлерге қолданылған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің болуы.

Жүргізілген талдау Кәсіпорындағы персоналды басқару жүйесі айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескеретінін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

Кәсіпорынның штаттық саны 886,75 бірлікті құрайды.

Оның ішінде:

дәрігерлер – 166,25 бірлік;
орта медицина қызметкерлері – 404,5 бірлік;
кіші медицина қызметкерлері – 144,5 бірлік;
өзге қызметкерлер – 171,5 бірлік;
әкімшілік-басқару персоналы – 160 бірлік.
Нақты жұмыс істейтін қызметкерлер саны – 596 адам.

Оның ішінде:

дәрігерлер – 78 адам;
орта медицина қызметкерлері – 279 адам;
кіші медицина қызметкерлері – 135 адам;
әкімшілік-басқару персоналы – 104 адам.
Дәрігерлердің бос штаттық бірліктері – 14.

Талдау жүргізілген кезеңде 121 қызметкер жұмыстан босатылды, оның ішінде:

өз еркімен (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 56-бабы 1-тармағына сәйкес) – 109 адам;
зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты – 7 адам;

бап бойынша (жұмысқа шықпағаны үшін) – 4 адам;
қайтыс болуына байланысты – 1 адам.
Осы кезеңде 115 адам жұмысқа қабылданды.

Кадрлық шешімдерге немесе кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Бос жұмыс орындарын толықтыру мақсатында Enbek.kz порталында бос лауазымдар туралы хабарландырулар тұрақты түрде жарияланды.

Сондай-ақ Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ Атбасар ауданының мансап орталығы филиалына жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды бос жұмыс орындарына (дәрігерлер, орта медицина қызметкерлері, санитарлар, жұмысшылар, слесарьлар) жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша хаттар жолданды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар уақтылы жүргізіледі.

Талдау кезеңінде жоғары және орта медициналық білімі бар мамандардың сертификаттары мен біліктілік санатын беру туралы куәліктері «Қазақстан Республикасының электрондық лицензиялау» порталында тексеріліп, жалған рұқсат құжаттары анықталған жоқ.

Кадрлық жұмыс (жалғасы)

2025 жылғы 16 мамырдағы жағдай бойынша 8 маманға көтерме жәрдемақы төленді.

Қазіргі уақытта 21 маманның көтерме жәрдемақы төлеу мәселесі қаралуда.

Талдау жүргізілген кезеңде 125 қызметкерге тәртіптік жаза қолданылды, оның ішінде:

ескерту – 96;

сөгіс – 18;

қатаң сөгіс – 11.

51 қызметкердің тәртіптік жазасы алынып тасталды, оның ішінде:

жұмыс көрсеткіштерінің жақсаруына байланысты – 6;

медицина қызметкері күніне орай – 3;

Республика күніне орай – 42.

Жұмыс тобы тәртіптік жазасы алынбаған қызметкерлерді көтермелеу фактілерін анықтаған жоқ.

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасында» Іскерлік әдеп кодексі әзірленіп, бекітілген.

Кәсіпорын қызметкерлерімен жанжал жағдайларын болдырмау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тұрақты түрде профилактикалық әңгімелер жүргізіледі.

Персоналды басқару қызметіне жүргізілген талдау нәтижесінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Атап айтқанда, жақын туыстарының (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, туған және туған емес аға-інілері мен әпке-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жұбайы (зайыбы)) тікелей бағыныстылығындағы бос лауазымдарға жұмысқа қабылдау жағдайлары анықталған жоқ.

Сондай-ақ жұмысқа қабылданған қызметкерлердің Кәсіпорын басшылығымен үлестестік (аффилиирленгендік) байланыстары анықталған жоқ.

Конкурстық рәсімдер кезінде мүдделер қақтығысы

Бірлескен жұмыс барысында талдау кезеңіндегі конкурстық рәсімдердің материалдары зерделенді.

Зерттеу нәтижесінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Адам ресурстарын басқару қызметіне ұсыныстар.

Адам ресурстарын басқару қызметіне: қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттың жеке деректерін өңдеуге келісімін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесін алуды қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізілімі негізінде осы лауазымдарды атқаратын қызметкерлермен тиісті жұмысты ұйымдастыру ұсынылды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау сапасы

Азаматтардың өтініштерімен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы қабылданады.

2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 01 маусым аралығында барлығы 248 өтініш келіп түсті. Барлық өтініштерге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде жауаптар берілді.

Құрылымдық бөлімшелерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы әрі сапалы қарау жағдайына талдау жүргізілді. Өтініштерді қарау мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында бақылауды күшейту шаралары қабылдануда.

Көрсетілген кезеңде Кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлерінің әрекеттеріне байланысты сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан ауызша немесе жазбаша өтініштер түскен жоқ.

Қызметтік әдепті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау

2025 жылғы 01 маусымнан 2026 жылғы 01 маусымға дейінгі кезең бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде Әдеп кодексі талаптарының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталмауына байланысты тәуекелдердің расталған жағдайлары анықталған жоқ.

Осы бағыт бойынша Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы» қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу

Кәсіпорындағы мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес бас дәрігер бекіткен мемлекеттік сатып алу жоспары негізінде жүргізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алудың электрондық веб-порталы арқылы ғана электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл өнім берушілермен тікелей байланысты болдырмайды.

Шарттарды электрондық форматта жасасу веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы толық әрі нақты ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын айқындауға мүмкіндік береді.

2025 жылы мемлекеттік сатып алу шарттары толық көлемде орындалды. 2026 жылдың алғашқы бес айында жасалған шарттардың бір бөлігі белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалу сатысында.

Электрондық шарттарды және мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен қарапайымдылығын қамтамасыз ететін өзге де тетіктерді енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік сатып алуды веб-портал арқылы өткізу барысында жүргізіліп жатқан сатып алуларға мониторинг жасалып, өнім берушілердің шағымдары қаралады.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда әлеуетті өнім берушілердің жазбаша өтініштері қаралып, оларға белгіленген тәртіппен жазбаша жауаптар жолданады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру жөнінде қабылданып жатқан шаралар.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынады:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары».

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында Кәсіпорында бөлімшелер туралы ережелер мен корпоративтік құжаттар әзірленіп, бекітілген.

Көптеген қызмет бағыттары бойынша құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын жетілдіруге, жұмыс сапасын арттыруға, басшылар мен қызметкерлердің жауапкершілігін күшейтуге бағытталған рәсімдер енгізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ауруханада азаматтар мен қызметкерлердің өтініштерін қабылдауға арналған комплаенс-офицердің электрондық поштасы құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында жұмыс тобына Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасының» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыстарын Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып жалғастыру ұсынылады.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы ШЖҚ МКК «Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасының» ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

Бас дәрігер



Исламов С.М.